

Ақтөгай ауданының "Күрметті Азаматы" атағын беру жөніндегі Қағида туралы.

Күшін жойған

Ақтөгай аудандық мәслихатының 2004 жылғы 20 мамырдағы N 6/5 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 16 маусымда N 2615 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтөгай аудандық мәслихатының 2008 жылғы 4 наурыздағы N 31/4 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтөгай аудандық мәслихатының 2008 жылғы 4 наурыздағы N 31/4 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабының , 1 тармағының 12-1) тармақшасына сәйкес, аудандық Мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

Қоса беріліп отырған "Ақтөгай ауданының құрметті азаматы" атағын беру туралы Қағида бекітілсін.

Сессия төрайымы Y. Келдібаева

Аудандық Мәслихат хатшысы Т. Мұқанов

3 - шақырылған

Ақтөгай	аудандық	Мәслихаттың	
2004	жылғы	мамырдағы	5-сессиясының
"Ақтөгай	ауданының	құрметті	азаматы
туралы" № N	6 / 5	шешіміне	
бекітілген			

Ақтөгай ауданының құрметті азаматы атағын беру туралы ҚАҒИДА

1. Кіріспе

1. "Ақтөгай ауданының құрметті азаматы" атағы мыналарға беріледі:

1) жоғарғы мемлекеттік наградалармен марапатталған Ақтөгай ауданының тұрғындары және тума азаматтары - Отан қорғаушыларға;

2) өзі еңбек еткен кезеңде ауданының дамуына айрықша елеулі үлес қосып, ауылдастарының қадіріне бөлленген, еңбекке деген кіршіксіз адал және шығармашылық көзқарасы, қоғамдық өмірдегі, жас ұрпақты тәрбиелеу ісіндегі белсенді әрекеті үшін, аудан халқының алдында жоғары бедел және құрметке ие болған, жасы 50 - ге жеткен Ақтөгай ауданының тумалары мен тұрғындарына.

Эрине олардың барлығы да басқа қалалар мен елді мекендер "Құрметті азаматы" атағын иеленбеген болуы тиіс.

2. "Ақтөгай ауданының Құрметті азаматы" атағы Ақтөгай аудандық Мәслихаттың сессиясының шешімімен беріледі.

3. "Ақтөгай ауданының Құрметті азаматы" атағын беру туралы өтініш селолық жиын шешімі негізінде селолық округ әкімдерінің, мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық үйымдардың, өндірістік кәсіпорындардың колективтерінің жиналышының үйғарымымен берілуі мүмкін.

4. "Ақтөгай ауданының Құрметті азаматына" куәлік, құрмет Дипломы мен Белгі табыс етіледі.

2. "Ақтөгай ауданының Құрметті азаматы"

дипломының сипаттамасы

5. "Ақтөгай ауданының Құрметті азаматы" дипломы қатқыл ақ қағаздан жасалады. Мұқабасында қазақ және орыс тілдерінде "Ақтөгай ауданының Құрметті азаматы" атты жазуы болады. Дипломының ішкі бетінде түрлі-түсті бояумен Қазақстан Республикасының Ел таңбасы және "Ақтөгай ауданының Құрметті азаматы" атағын беру туралы аудандық Мәслихат сессиясы шешімінің мәтіні орын алып, сол жағындағысы қазақша, оң жағындағысы орысша т о л т ы р ы л а д ы .

Диплом Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалауы түстес арнаулы папкаға салынады.

3. "Ақтөгай ауданының құрметті азаматы"

Белгісі туралы

6. "Ақтөгай ауданының Құрметті азаматы" Белгісі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалауының түсіне келтіріліп, көлемі шеңбер болып, металдан дайындалады.

Белгіде "Ақтөгай ауданының Құрметті азаматы" деген қазақ тілінде жазу бар.

4. Көрсетілетін көмекті беру тәртібі мен мөлшері

7. Аудандық бюджетте қарастырылған "Азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік төлемдер" (258-051) бағдарламасы бойынша жылына бір рет Ақтөгай ауданының құрметті азаматына 7,0 (жеті) мың теңге көлемінде әлеуметтік жәрдем көрсетіледі.

5. Ақтөгай ауданының құрметті азаматтарын тіркеу

8. Ақтогай ауданының Құрметті азаматтарын тіркеу Ақтогай селосындағы аудандық музейіндегі "Құрмет кітабында" жазылады.

6. Ақтогай ауданының "Құрметті азаматы" атағынан айыру

9. Ақтогай ауданының Құрметті азаматы атағынан аудандық Мәслихат мына жағдайларда айрылғанда : айрылғанда :

1) соттың ұсынысы бойынша заңдылықты белгіленген негіз бен тәртіпте қылмыс жасағаны үшін сотталған азаматтар;

2) азаматтық ар-ожданына шүбә келтіретін қылышқа жасағанға қоғамдық ұйымдар, азаматтардың ұсыныстары мен аудандық Мәслихаттың тұрақты комиссиясының қорытындысы бойынша айырылады.

10. Құрметті азамат атағынан айырылған түлға аудандық Мәслихатқа Дипломын, оның қуәлігін, Белгісін қайтарып береді.